

БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ АУДИТ

Бақылау қоғамдық даму үдерістерін басқарудың жүйесі болып табылады. Бақылау әлеуметтік басқару тетігі болғандықтан, ол әрқашан қажет. «Бақылау» латынның «контра рутулус», яғни, белгіленген немесе болжанған белгілі бір оқиға не үдеріске «қарсы қою» деген мағынаны білдіретін сөзінен алынған. Француз тілінен аударғанда «бақылау» сөзі бір нәрсені тексеру деген мағынаны білдіреді.

Ревизиялық-бақылау қызметіне арналған арнаулы әдебиеттерде бақылаудың негізгі мәні – шаруашылық жүргізуші объектінің заңдарды сақтауын қадағалау мен мемлекеттік тәртіптің бұзылуын анықтау деп түсіндіреді.

Бақылаудың мынадай негізгі түрлері анықталған: әкімшілік, техникалық, қаржылық, экономикалық, экологиялық, атқарымдық, мемлекеттік, муниципалдық, ведомстволық және т.б.

Қаржылық бақылау объектідегі қабылданған шешімнің орындалу сатысын, оның тиімді жүзеге асырылып жатқанын анықтай отырып, ондағы кемшіліктер мен ауытқуларды басқарушы органдарға хабарлайды. Бұл объектідегі жұмысты уақытында жақсартуға мүмкіндік береді.

Бақылау немесе ревизиялық қызмет бұрын жүргізілмеген деген түсінік қате болып саналады. Ревизия мен аудит мағынасы бойынша жақын болса да, екеуі әр түрлі түсінік. Аудит – бақылаудың шығармашылық дамуы. Ол қаржылық бақылаудың нысандары мен түрлерін толықтырып отырады.

Аудит классикалық түсінікте – сол кәсіпорында жұмыс істемейтін дипломды тәуелсіз аудитормен (бухгалтермен) жүзеге асатын қаржылық бақылаудың сыртқы тәуелсіз түрі. Оның мақсаты білікті маманның белгілі бір критерийге сәйкестілік деңгейін белгілейтін және экономикалық іс пен оқиға туралы объективті, толық, анықты, алдын ала ойластырылмаған пікір мен қорытындыларды тапсырыскерге немесе сол қорытындыларды алуға мүдделі пайдаланушыға беру.

Аудиттің түрлері, нұсқалары, теоретикалық, құқықтық, әдіснамалық және ұйымдық негіздері мен тұрпаттары қаржылық бақылаудың нысаны мен қаралатын бағыттарына байланысты білімнің тереңделуіне орай нақтыланып, толықтырылады.

Дерек көздері жөніндегі аудит пен ревизияны өткізудің негізі болып құжатты және нақты бақылауды айырады.

Құжатты бақылаудың мәні – барлық шаруашылық операцияларын құжаттардың деректері бойынша тексеруде. Тексеруші құжатты құрастыру тәртібі мен кәсіпорындағы құжат айналымының сызбасын жақсы білуі қажет.

Нақты бақылау – бұл объектінің нақты жағдайын, ресурстардың барлығын, есеп айырысу жағдайы мен олардың есеп деректеріне сәйкес келуін тексеру. Бақылаудың бұл түрі тексерілуші объектінің нақты жағдайын, яғни оның табиғи күйіндегі деректері (қайта есептеу, өлшеу, зертханалық талдау және т.б.) бойынша тексеру.

Қаржылық бақылауды мерзім бойынша өткізудің түрлері бойынша айырмашылығы мынада.

Алдын ала бақылау – шаруашылық операциясы жасалудан бұрын алдын ала өтетін бақылау. Ол ескерту сипаттамасына ие.

Жедел бақылау шаруашылық жүргізуші субъектінің қызметінің ауытқуын өз уақытында анықталуына, сондай-ақ уақытында соған сәйкес шешім қабылдауға көмектеседі.

Ағымдағы бақылау қысқа уақыт аралығында өткізіледі. Ол шаруашылық жағдайындағы жылдам өзгерістерді реттеуге мүмкіндік береді.

Кезектегі бақылау кәсіпорынның өткен кезеңіндегі қызметін терең зерттеумен ерекшеленеді, ол алдын ала, жедел және ағымдағы бақылауды өткізуде байқалмаған жетіспеушіліктерді ашуға көмектеседі.

Кешенді, тақырыптық, есептік, жалпылай, ыңғайласпақ және басқа да тексерудің түрлері.

Компаниялардың қызмет нәтижелері және олардың заңды сақталуы туралы ақпараттың тәуелсіз расталуы мемлекетке, меншік иелеріне, акционерлерге, инвесторларға, кредиторларға және олардың бизнес бойынша серіктестеріне қажет.

Негізгі есеп тұжырымдамасы бойынша Америкалық бухгалтерлер ассоциациясы аудиттің мазмұнын барынша қамтып жинақталған анықтамасында былай делінген:

Audit – бұл экономикалық әрекеттер мен оқиғалар, олардың белгіленген деңгейінің нақты өлшемдерге қаншалықты сәйкесетіндігі туралы ақпаратты алу мен бағалаудың және нәтижелерді мүдделілік танытқан пайдаланушыларға беретін жүйелі процесс».

ҚР «Аудиторлық қызмет туралы» Заңында мынадай анықтама берілген: «аудит Қазақстан Республикасының заңында белгіленген талаптарға сәйкес қаржылық есептіліктің дұрыс және объективті жасалғаны туралы тәуелсіз пікір білдіру мақсатында заңды тұлғалардың қаржылық есептілігін тексеру болып табылады».

Таным теориясына орай, бір ғылым ғана зерделейтін объективті шындықтың қандай да бір бөлігін немесе кез келген ғылымның (оның ішінде аудит те бар) мазмұны деп ұғынуға болады.

Органикалық тұрғыдағы өндірістік қатынастардың нарықтық экономикадағы объективті экономика заңы экономикалық теорияның пәні болып табылатыны белгілі.

Салалық экономикалық ғылым салалардың, өзіндік ерекшелігіндегі бұл заңдардың әрекетін, өндіруші күштермен, техникалар және технологиялармен өзара байланысындағы жекелеген салалардың өндірістік қатынасының даму ерекшеліктерін зерделейді.

Пән анықтамасы осы ғылымның басқа ғылымдардан айырмашылығын көрсететін ерекшеліктерді қамтуы керек. Оның ішінде: ғылымның мақсаты мен мазмұны; өзіндік ерекшелігі бар зерттеу принциптері; зерделеу объектісі; ақпарат көздері. Осылайша аудит мазмұнын қалыптастырамыз, өйткені арнайы әдебиеттерде оның әзірге айтарлықтай нақты әрі дәл анықтамасы жоқ. біздің пікіріміз бойынша, аудит пәні қоғамның мүддесін білдіретін экономикалық құбылыстар мен оқиғалар және процестер, сондай-ақ мәліметтері нақтылық пен анықтылығына қарай тексерілетін, зерттелетін және объективті бағасын алатын әр түрлі мақсаттарды көздейтін заңды және жеке тұлғалар, бас-

қаруды оңтайландыру, экономикалық қызметтердің тиімділігін арттыру, кеңес берушілік, бақылаушы-талдамалы және басқа да кәсіби аудиторлық қызмет көрсету жатады.

Аудит мазмұны алға қойылған мақсаттар мен бақылау объектілерін ескеру нақтылануы мүмкін. Мысалы, егер аудит объектісіне шаруашылық жүргізуші субъектінің қаржылық қызметі кіретін болса, онда мұндағы мақсат оның есеп берулері мен расталуының (немесе рас болмауының) толықтығы мен анықтылығын тиянақты тексеру, яғни кәсіпорынның қаржылық есеп беруінің нақты қаржылық жағдайымен қаншалықты сәйкес келетіндігі туралы өз пікірін тапсырыс берушіге білдіру болып табылады.

Бұл туралы ХАС (МСА) 200-де әлдеқайда рет-ретімен айтылған. Онда былай делінген: қаржылық есеп беру аудитінің мақсаты – белгіленген талаптарға сәйкес барлық елеулі аспектілер бойынша қаржылық есеп берулердің жасалғаны немесе жасалмағаны туралы аудиторға өз пікірін білдіруге мүмкіндік беру.

Бұл негізгі мақсат экономикалық әлеуметті, қаржылық ресурстарды, салықтарды дұрыс есептеудің талдауын, қаржылық жағдайды жақсарту бойынша шараларды әзірледі, шаруашылық жүргізуші субъектілердің кірістері мен шығыстарын, қызмет нәтижелері мен шығынды оңтайландыруды жақсы пайдаланатын резервтерді анықтаудың шарттары мен міндеттері туралы клиентпен болатын арадағы келісімшартпен толықтырылуы мүмкін.

Қазіргі кезде бақылау жасау функциясы не құқығы бар мемлекеттік органдар не болмаса аудиттелетін субъект аудиторлық тексерулердің сапасыз өткізілгендігі туралы мәлімдеме жасаған жағдайда ғана жүзеге асырылады. Мұндай жағдайда бақылаушы органның міндетті қызметін ҚР аудиторлар Палатасы жанындағы кәсіби этикалық Кеңес атқарады. Анықталған салақтықтар мен бұзушылықтардың кейбір бөлігі байқалмай қалып қалуы мүмкін:

- жүргізілетін тексерулердің мақсаты мен міндеттерін клиенттің толық түсінбеуі;

- өткізілген аудиттің сапасына бақылау жасаудың дәл анықталған процедураларының жоқ болуы.

Аудиторлық қызмет жүйесінің ажырамас бөлігі ретіндегі бақылау жасау механизімі жүйе нақты жаңылыс тапқан кезде жұмыс істей бастамай, тұрақты негізде жұмыс істеуге тиісті.

Бұдан туындайтын сұрақ: мұндай бақылауды кім жүзеге асырады – мемлекеттік органдар ма, әлде тек аудиторлардың қоғамдық ұйымдары ма? Екі нұсқаның әрқайсысының өздерінің жақсы жағы да кемшіліктері де бар. Бір жағынан мемлекеттік органдардың жұмыскерлері сапаны тексеру барысында мемлекеттің мүддесін қорғай отырып, қандайда бір аудиторлық бірлестіктің абыройын қорғауға мүдделі болмайды деп күтуге болады. Басқа жағынан қарағанда, бүгінгі таңда мемлекеттік бақылау-ревизиялық органдардың жұмыскерлерінің біліктілік деңгейі оларға аудит әдістемесінің бүге-шігесіне дейін талдап қарауға әрдайым мүмкіндік жасай бермейді. Ондай мемлекеттік тексерушілердің штатын өсіру үшін елеулі қаражат бөлуге мемлекеттің жағдайы келмейді. Кейбір аудиторларда, тексерушілер жұмыс процесі кезінде алған құпия ақпараттар аудитор клиенттеріне зиян келтіре отырып, пайдаланылуы мүмкін деген қорқыныш туындайды. Мысалы, табылған қателіктер туралы мәліметтер салықтық бақылау органдарына хабарлануы мүмкін.

Аудиторлық фирма аудиторлық процедуралардың мазмұны, мерзімі және көлемі үшін жауап беруге тиісті. Олардың сапасына бақылау жасау аудиторлық фирма қызметінің сипаты, тексеруді ұйымдастыру деңгейі және табыстар мен шығыстар бойынша тиісті жағдайлар сияқты факторларға байланысты.

Аудит мақсатының консалтингтік қызмет жүзеге асыру барысында клиенттің коммерциялық қызметін жақсартатын жоғары сапалы кеңес беру қызметі болады, сонымен қатар аудитордың беделі мен табысы қоса өседі. Алға қойылған аудит мақсаттарына қол жеткізу үшін нақты міндеттерді шешіп алу қажет.

Олардың ішінен ерекшелеп мыналарды бөліп көрсету керек.

1. Шешім қабылдаудың логикалық тұрғыдан негізделген базасын құру үшін жеткілікті дәрежеде құзіретті мағлұматтарды алып, бағалау.

2. Кәсіпорын экономикасын немесе оның белгілі бір қызмет түрінің, оның ішінде, инвестициялық, маркетингтік және сыртқы экономикалық қызметін жүйелі талдау.

3. Кәсіпорын қызметі және оның жарғысының бір-біріне сәйкестігін, жасалған бизнес-жоспардың және басқа да тапсырмалар мен нормативтердің орнықтылығын (негізділігін) тексеру.

4. Заңды белгілейтін бастапқы құжаттар мен олардың шынайы мазмұнына шаруашылық операцияларының қаншалықты сәйкесетіндігін тексеру.

5. Клиенттің меншігін бекітіп беруге, оның бизнесінің тиімділігін арттыруға және кемшіліктерді жоюға ықпал ету.

Аудиторлық қызмет бұған қоса есепті ұйымдастыруды, ішкі бақылауды, әр түрлі тәуекелділікті бәсеңдетуді, менеджментті, маркетингті жетілдіруді, басқа да заңдық, техникалық, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешуді жақсарту, жүзеге асыру, қалыптастыру бойынша әр түрлі кеңес беру мен кәсіби қызмет көрсетулерді қамтиды. Аудитор, адвокат, дәрігер, музыкант, суретші және шығармашылықтың (творчество) адамдары сияқты еркін кәсіптің өкілі болып табылады, ал аудиттің кәсіпкерлік қызметтің түрі ретінде дамыған елдерде беделі (рейтингісі) жоғары.

Шетелдік сарапшы ұйымдар жиі өткізетін қоғамдық сұрау салудың қорытындысы бойынша бухгалтер-аудитор кәсіби адвокат және дәрігер кәсіптерімен тең бәсекелесіп, алғашқы үш орынның бірін тұрақты иеленеді екен. Аудиторлық фирмалар кеңес беру қызметіне, аудиторлық рәсімді нысандауды жүзеге асыруға және болатын тексерулердің сапасын арттыра түсуге көп көңіл бөлетін болды. Аудиттің жүйелі-бағдарламалы тәсілін жетілдіруге қарамастан, оның өз кемшіліктері бар. Мысалы, жүйелі-бағдарламалы аудит әкімшілікті ешкім бақыламайтын жағдайда қызметкерлердің үстінен бақылау жүргізуді жүзеге асырады.

Бұл арада аудиттің рәсімі (процедурасы) басқарушы-инвесторларды емес, керісінше персонал – менеджерді алдап тұр ма, жоқ па, соны анықтауға бағдарланған. Тәуекелге негізделген аудит – бұл кәсіпорынның жұмыс жағдайына, негізінен

оның қызметіндегі тар әрі қиын межелеріне қарай тексеруді іріктеп жүргізетін аудит. Ол тексеру немесе кеңес беру барысында болуы мүмкін тәуекелдікті ескерту және оның алдын алуға бағдарланған.

Кез келген бизнесті ойдағыдай сәтті ұйымдастыру қалыптасқан жағдайды жүйелі талдаусыз және бақылаусыз мағынасы болмайтын шешімдердің дұрыс қабылдануына байланысты.

Бизнесті жақсы ұйымдастырудың резервтерін анықтау үшін басқарушылық шешімге орай қаржылық ресурстардың қозғалысы туралы шындыққа жанасымды ақпарат аса қажет. Құбылыстың мәні мен өзара байланысын түсіну, бизнестің жағдайы мен, келешекте дамуын зерделеу аудит пен қаржылық-экономикалық талдаудың арнайы әдістерін кешенді пайдаланудың негізінде ғана мүмкін болады. Деректерді уақытылы бақылау саралап баға беруге (бағалауға) мүмкіндік береді және әр түрлі қатысушылардың, атап айтқанда, инвесторлардың, қарыз берушілердің, жабдықтаушылардың, тұтынушылардың, меншік иелерінің, әкімшілік пен кәсіпорын қызметкерлерінің мүдделерін қоса ескеру арқылы бизнестің тиімділігін арттырудың жолдарын анықтауға мүмкіндік береді. Кешенді аудит пен талдаудың қажетті әдісін таңдау бизнесті басқаруда оңтайлы шешімдерді қабылдауды негіздеу және қамтамасыз ету бойынша алға қойылған мақсаттарға жылдам қол жеткізуге мүмкіндік береді. Экономикалық ақпараттың көптеген зерттеу әдістерімен кешенді аудит пен талдауды жүргізу негізінде қаралатын объектінің жағдайын шындыққа жанасымды әрі объективті тұрғыдан бағалауға болады.

Аудиттің мақсаты ішкі және сыртқы аудит қағидаттары мен әдістемелік тәсілдерімен таныстыру. Қарастырылатын тақырыптарға есеп беру мамандық стандарттары мен аудит этикасы, талдау тәсілдері және аудит жоспары, мәнділік және тәуекелділік ішкі бақылау мен аудиторлық *сұрыптауды*, аудиторлық дәлелдеулер мен оның құжаттарын, аудиттің сапасын бақылау және оның аудиттік іс құжаттарында көрсетілуін қамтиды.

Иелікке алынған материалдық құндылықтардың өзіндік құндарына сатып алынғанның бағасы, баж салығы, жабдықтау-

шы және делдалдық ұйымдарға төленетін комиссиялық сыйақы, көлік дайындау шығындары, жүк тиеу және жүк түсіру шығындары, *сұрыптау* және осы операцияларды тікелей байланысты басқа да шығындар қосылады. Бұл арада саудалық арзан бағалар, артық төлемді қайтару және басқа да түзетулер қорларды сатып алу шығындарынан игеріледі.

Тәуекелдік аудитінің айрықша маңызы – аудитордың немесе аудиторлық фирмалар өз беделін жоғалту және клиенттен айырылып қалудың ықтималдығында ғана емес, сонымен бірге, аудиторлық компаниялардың арасындағы қатаң бәсекелестікте, ірі айыппұл мен моральдық зиянда, осы аталған қатерлерге ұрынып қалудың ықтималдығында болып тұр. Мәселен, мұндай жағдай үшінші бір тұлғаға немесе клиентке елеулі материалдық зиян шектіруге себеп болатын аудитордың ықпалсыз және теріс қорытынды шығаруынан болады. Сондықтан да шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін жан-жақты кешенді тексеруді жүргізуге мұқият дайындалып, басты назарды кадрларды іріктеуге бағдарламаларды жасауға, алдағы жұмысты жоспарлауға және т.б. аудару қажет. Осыған орай аудиторлар клиент бизнесін жүйелі зерделеу мен жоспарлау кезеңдеріне көп уақыт бөлетін болды.

Қауіп-қатері (тәуекелі) көп салаларға аудиторлық жұмысты шоғырландыру арқылы тәуекелі төмен салаларды тексеруге кететін уақыты үнемдеуге болады. Осылармен уақыт және клиентке қызмет көрсетудің шығындарын үнемдеу тұрғысынан әлдеқайда тиімділікті қамтамасыз етуге қол жеткізеді. Бақылаушы-талдамалы қызметтің осы заманғы даму кезеңінде тәуекелге негізделген аудиттің маңызы зор. Оның технологиясы субъектілер қызметіндегі болжаулы кемшіліктер мен қиындықтарға белгілі бір жағдайларға қарай іріктеп алынған тексеруді жүргізуге негізделген.

Аудиттің жүйелі-бағдарламалы тәсілдемесі операцияны бақылайтын тұтас жүйе ретінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін қадағалауға мүмкіндік тудырады. Тәуекелге негізделген аудитте осы жүйені бақылайтын адамдардың қызметі қарастырылады. Соңғы екі кезең аудиторлардан кітаптан

бастарын көтеріп, барлық назарын бизнестің өзіне аударуды талап етті.

Бизнес саласындағы аудит бірқатар функцияларды орындайды: бақылаушының, сараптаушылық, басқарушылық, кеңес берушілік, өндірістік және ақпараттық. Кәсіби аудиттің осы заманғы даму кезеңінде оның бақылаушылық, басқарушылық, ақпараттық, тәрбиелік және әлеуметтік функциялары көкейкесті мәселеге айналып отыр. Оның үстіне, халықаралық стандарттар талабы мен оның даму тенденциясына сәйкес аудиттің жекелеген функциялары мен қосалқы функцияларының атауларын нақтылау ұсынылып отыр.

Нарықтық экономика жағдайында шаруашылық субъектінің жұмысын жетілдіру және бақылау үшін бухгалтерлік есепті және аудитті белсенді пайдалану қажеттілігі артып отырғаны белгілі. Экономиканың талабына сай мемлекет иелігінен алып жекешелендіру үрдісінің нәтижесінде әр түрлі ұйымдық-құқықтық нысандағы меншік түрлері қалыптаса бастады. Оларға тәуелсіз бақылауды күшейте түсудің қажеттігі туындаған шақта республикамызда тәуелсіз аудиторлық бақылаудың өріс ала бастауы елеулі маңызды оқиғалардың бірі болды.

Екі жақты жасалған шарттың негізінде жүзеге асырылатын аудиторлық қызметтің нәтижесі аудит жүргізген шаруашылықты ғана емес, сонымен қатар мемлекеттік органдар мен мүдделі жақтарды бей-жәй қалдырмайтыны белгілі. Яғни, шаруашылықтың қаржы шаруашылық қызметінде орын алған олқылықтар мен жеткен жетістіктерді дәлелдеу және растауда аудиттің атқаратын рөлі зор. Әр саланың ерекшеліктеріне байланысты аудиттің мақсаты мен міндеттері белгіленіп, аудитін ұйымдастырудың тәртіптері болады.

Аудитсіз шоттардың сенімділігі болмайды. Шоттардың сенімділігі болмаса, бақылау да жоқ. Ал бақылаусыз биліктің құны қанша? Қазақстан Республикасында нарықтық қатынастардың дамуы шаруашылық әдістерін және формаларын қайта өзгертудің объективті қажеттілігін тудырады. Әміршілік-әкімшілік жүйеде кеңінен тараған қоғамдық мүлікті талан-таражға салу нарықтық экономиканың ажырамас атрибуты болып табылатын іскерлік және ұқыптылықпен орын алмастырды.

Қазақстан Республикасында индустриясы дамыған елдердің озық тәжірибесіне сәйкес бизнестің жаңаша кешенді тәуелсіз кәсіби аудиті жүзеге асырылуда. Операциондық аудит пен қаржылық есептілік аудит және оның басқа да маңызды түрлері посткеңестік аумақтарда нарықтық экономиканың қалыптасуындағы шаруашылық жүргізуші субъектілер қызметінің тиімділігін арттыру бойынша ғылыми негізделген ұсыныстармен және шындыққа жанасымды ақпараттармен мүдделілік танытатын пайдаланушылардың қажеттіліктерін қамтамасыз етеді.

Бизнестің кәсіби аудит проблемасын зерттеудің көкейтестілігі мүмкіндігінше аз шығынмен аса жоғары экономикалық тиімділікке қол жеткізуді оңтайлы ұйымдастыруға ұмтылатын барлық қатысушылардың мүддесінен білінеді. Аудит жоспарлау, талдау, үйлестіру, есеп, ұйымдастыру, бақылау және реттеу сияқты басқару қызметтерімен тығыз байланысты. Егер есептің көмегімен ақпарат көздері қалыптасатын болса, онда оның кешенді аудиті шаруашылық жүргізуші субъектілердің экономикалық процестерін жоспарлау, ұйымдастыру және реттеу барысында жіберілген кемшіліктер мен қателіктерді анықтауға және оны қайтадан болдырмауға мүмкіндік береді.

Бизнестің тиімділігін талдау мен кәсіби аудиттің жеткілікті дәрежеде әзірленбеу мәселесі оның біршама дайын нұсқасын нақтылауды ғана емес, сондай-ақ белгілі бір экономика секторларының әр түрлі салаларындағы дағдарыс жиілігінде, нарық конъюнктурасы өзгергенде және бәсеке деңгейінің болжап білуге болмайтын өзгеше жағдайларында оны ұйымдастырудың принциптік жаңа тәсілдемелерін әзірлеуді де талап етеді.

Қазақстандық экономиканы сәтті функциялау үшін оны ұйымдастырудың озық құралдары мен нақты тетіктерін, оның ішінде мақсатты-бағдарламалық әдісті көптеген факторлар бойынша талдауды, жүйелі бақылауды және оңтайлы шешімдерді қабылдауды қолдану аса қажет.

Барлық ресурс түрлерінің аса өткір сезілген тапшылық жағдайында ұлттық экономиканың қозғаушы күші – кәсіпкерлікке айрықша назар аудару керек. Мемлекеттік меншіктерді жекешелендіруді тездету, өндіріс тиімділігін арттыру, бәсеке-

лестік ортаны дамыту, қаржылық бақылауды жақсарту және осы заманғы нарықтық инфрақұрылымды қалыптастыру сияқты факторлардың маңызы зор. Бір жағынан, шегі жоқ тұтынушылық, екінші жағынан, ресурстардың шектеулі болуы шаруашылық жүргізудің қажеттілігін тудырады.

Шаруашылық ресурстардың жетіспеушілігін терең сезінбес үшін адамдар барлық іс-әрекетін жоспарға құратын болса, адамдар экономиканың көмегімен тұтынушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін өнім, қызмет түрлерін өндірудің барлық мекемелері мен әдістерін қамтиды.

Шешім қабылдаушы, шаруашылық жоспарын дербес жасайтын әрі осыларға сәйкес әрекет ететін барлық экономика бірліктері шаруашылық жүргізуші субъектілер деп аталады.